

Тәрбие саласы, Өзін-өзі аттестаттау нәтижелері бойынша қорытынды

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

□ бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

□ ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

□ әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірім тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

□ тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

□ жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

□ еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

□ ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

□ тарихи, деректі фильмдерді талдау;

□ білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

□ табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

□ жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

□ «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылданду, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

□ жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін

азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

□ ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

□ ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

□ отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

□ адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Білім беру ұйымы директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.
- Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:
- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;

- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.
- Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.
- Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

- Байғанин аудандық білім бөлімі;
- Аудандық ішкі саясат бөлімі;
- Байғанин аудандық емханасы;
- Аудандық әлеуметтік қорғау және еңбекпен қамту бөлімі;
- Қосымша білім беру ұйымдары;
- Байғанин аудандық жергілікті полиция бөлімі;
- Байғанин аудандық мәдениет және спорт бөлімі;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (келісімі бойынша);
- Байғанин ауданы «Жастар ресурстар орталығы»

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы

-«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;

-Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.

-Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №156 қаулысы

-«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV

-2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы

-«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345

-«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV

-«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI

- «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері
 - «Мәңгілік ел» идеясының жобасы
 - Қазақстан Республикасының «Білім туралы » заңы
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығы Тәрбиенің Тұжырымдамасы,
 - Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді
 - «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
 - Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы;
 - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан республикасының заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-Ұ ҚРЗ.
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 ақпанда № 13070 болып тіркелді. («Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы»)
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулығының» 6-тарауы). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027414>

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

ТАЛАП

АР ҰЯТ

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары

шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

«Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы

Қазақстан балалары хал-ахуалының негізі ретінде позитивті ата-ана болу мәдениетін дамыту мақсатында 2022-2023 оқу жылында Алматы қаласы мен Алматы облысының пилоттық білім беру ұйымдарында «Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы апробациядан өтеді.

Жоба білім беру ұйымдарында келесі бағыттарда іске асырылатын болады:

✓ Спикерлер ретінде бала тәрбиесінде табысты тәжірибесі бар аға ұрпақ өкілдерін тарта отырып «Даналық мектебін» құру.

✓ «Әлеуметтік хал-ахуал», «Эмоционалдық хал-ахуал», «Когнитивтік хал-ахуал», «Физикалық хал-ахуал» сияқты модульдер бойынша атааналар үшін курстар ұйымдастыру.

✓ Ата-аналардың қажеттіліктері деңгейін анықтау бойынша диагностикалауды жүргізу және Ата-аналарға арналған академия қызметінің нәтижелерін мониторингілеу.

✓ Ата-аналарға арналған академияға ақпараттық қолдау көрсету, оның қызметін БАҚ, әлеуметтік желілерде жарыққа шығару.

✓ Ата-аналарды оқу-тәрбие үдерісіне тарту бойынша іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу: ата-аналар форумы, конференциялары, марафоны және т.б.


✓ Позитивті ата-ана болу мәдениетін дамытуда әлеуметтік серіктестіктер күштерін біріктіру.

Мектепте тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып Ш.С.Хусайнова қызмет жасайды. Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды. Мектепте 1-11 сынып аралығында 41 сынып комплектісі бар, барлығы 841 оқушы оқиды. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарды.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу, айналасына құрметпен қарауға, жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға, жат ағымдардың теріс пиғылдарын түсіндіру арқылы отанға деген патриоттық сезімін ояту, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу мақсатында ақпараттық – түсіндіру тобының жоспары құрылып, бекітілген жоспарға сай іс-шаралар өткізілді.

Құқықбұзушылық пен заң бұзушылықты алдын-алу мақсатында Құқықбұзушылықтың алдын-алу Кеңесінің жоспары құрылды. Жыл бойы кеңестер өткізіліп, тақырыпқа сай іс-шаралар ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың «6» сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілген құжатын басшылыққа ала отырып, 2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысының тақырыбы: «Қоғамда өзін-өзі анықтауға қабілетті, ақпараттық қауымдастыққа енуге дайын, құзіреттілігі тұрақты жан-жақты дамыған, рухани және дені сау, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру» деп бекітілді. «Мектеп оқушыларының құқық бұзушылық әрекеттері және оларға қарсы жасалатын қылмыстың және суицид ауыруының алдын алу жұмыстары туралы». Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, оларға қарсы жасалатын зорлық-зомбылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Суицид алды мінез-құлықты алдын алу жұмыстары жүргізілді. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескеріп алдын алу жұмыстары жүргізілді. Жыл сайын қыркүйек айынан бастап оқушылар, жасөспірімдердің тәртібін қадағалайтын құқық қорғау органдарының, одан кейін мұғалімдердің түнгі кезекшілік (рейд) жұмысы екі есе артады. Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00 –ден кейін компьютерлік клубта отыруға және 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. Жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылық әрекеттердің алдын алу мақсатында жылдық жоспар жасалып бекітілді. Жоспарға сәйкес тиянақты жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ: 5-11 сынып оқушыларына «Электрондық темекі/вейп және темекі өнімдерін пайдаланудың алдын алу», «Қыз тәрбиесі – ұлт -адамгершілік негізінде тәрбиелік шаралардың жаңа формалары мен әдістерін жетілдіру бағытында жұмыстар тәрбиесі», «Құқықтық сауаттылық – заман талабы», «Әдеп пен ар-ұят – қыздың көркі», «Жол жүрісі қауіпсіздігі апталығы» республикалық акциясы аясында іс-шаралар, «Топтық төбелестің зардаптары», «Мереке күндеріндегі қауіпсіздік» (мереке күндері газ пиротехникалық құралдарды пайдаланбау), «Құқықбұзушылықтың алдын алу», «Суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шаралары» тақырыптарында оқушылар мен полиция қызметкерлері және аудандық денсаулық сақтау сала мамандарының кездесулері өткізілді. Кездесу барысында түрлі видео челленждер көрсетіліп, қызу талқыланып, теріс әрекеттер туралы оқушыларға түсіндірілді. Мереке күндері оқушылардың түнгі жүріс-тұрысын анықтау мақсатында мектептің ер мұғалімдерінен құралған топ кесте бойынша түнгі рейд ұйымдастырды. «Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс», «Еркем, қылығың болсын көркем» тақырыбында мектептің 1-11 сынып ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа мектеп басшысы қатысып, ата-аналармен ашық сөйлесіп, өтініш пікірлерін тыңдады. Сонымен қатар мектепте қыздар ұйымы, ер балалар

ұйымы, «Жас сарбаз» патриоттық тәрбие беру ұйымдары жұмыс жасайды. Қазіргі уақытта бүкіл қоғамға қауіп төндірген кейбербуллинг, адам бойына зиянды заттар Вейбл темекісі туралы оқушылар мен ата-аналарға сынып жетекшілері арқылы толықтай түсіндірілді. Жасөспірімдер арасында топтық төбелестердің алдын алу жұмыстары жүргізілді. Алдағы оқу жылында жоғарыда аталған жұмыстарды жүйелі жүргізе отырып, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мен руханижүргізілетін болады. Мектепте «Тәуекел» тобында 12 оқушы. Байғанин аудандық ІІ ПБ есебінде тұрған оқушылар жоқ. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығына мектебімізде кабинет жасақталып, мамандар ата-аналарға арналған сабақтар жүргізді. Жыл басында даналық сабақтарының жоспары жасалынып, жыл бойы жұмыстар атқарылды. 2023-2024 оқу жылының 5 айында қылмыс пен құқықбұзушылықты алдын-алу мақсатында «Қадағалау», «Түңгі ауылдың балалары» рейдтері жүйелі түрде жүргізілді. Мұғалімдер мен полиция қызметкерлері дүкендер мен сауық кешендерін аралап, ескерту жасалды.







Мектеп әлеуметтік педагогының жұмыс жоспарына сәйкес келесі жұмыстар атқарылды.

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі әлеуметтік педагогының жылдық жоспарына сәйкес, тамыз- қыркүйек айларында оқушылардың әлеуметтік картасы жасалынып, әлеуметтік санаттар бойынша мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды. Әлеуметтік санаттар бойынша оқушыларды анықтау барсында отбасының жағдайы толық зерттелді. Сонымен қатар, 2023-2024 оқу жылының тамыз айында жекелеген санаттағы 123 оқушыға жалпыға міндетті оқу қорынан ҚР Үкіметі 08.08.202 жылғы №64 қаулысына енген өзгерістерге сәйкес, ата-аналардың өтініштері бойынша тамыз айында 123 балаға қаржылай көмек көрсетілді. Әр балаға киім-кешек алу үшін 40567 тенгеден бөлініп, өтініш берген ата-аналардың жеке есеп шоттарына 4 989 741 тенге қаражат аударылды және қаражаттың мақсатты жұмсалуды жөнінде чек, жүк жөнелту құжатын беру арқылы ата-аналардың есебі алынды. 123 жекелеген санаттағы оқушылардың 23і мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар, 2 жетім, 10 ата-анасының табысы күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасының балалары және 88і қамқоршылық кеңесі отырысына ұсынылып, акт шешімімен қаржылай көмекке құжат тапсырған отбасының балалары. Аталған көмек оқу жылында 1 рет қана беріледі. Сонымен қатар 123 қаржылай көмек алған отбасының балалары қыркүйек айының 4нен бастап ыстық тамақпен қамтылды. Балалардың тамақтануы бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда жалпы 393 бала ыстық тамақпен қамтылуда. Асхана қызметкерлерінің құжаттары, жұмыс жасауға рұқсаттары бар. Тамақтың ас мәзіріне сай берілуі, тамақтану бойынша жүргізілетін іс-шаралар үнемі бақылауда.

«Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы «Мектепке жол- шекарасыз жақсылық!» ұранымен өткізілді. Акцияның басты мақсаты- жекелеген санаттағы оқушылардың қажеттіліктеріне байланысты көмек көрсетуге демеушілерді тарту. Ата-аналардан келіп түскен сұраныс бойынша 7 оқушыға көмек көрсетілді. 1 класқа келетін 10 оқушыға «ҚазақТүрікМұнай» компаниясы мектеп сумкасы мен оқу құралдарын, Ақтөбе қаласына «Анвар» сауда желісі 10 оқушыға мектеп сумкасы мен оқу құралын

тарту етті. Демеушілік көрсетіп, оқушыларымызды қажеттіліктерімен қамтыған мекеме ұжымдары, Нұржан Ауданбайұлы демеушілік жасап, 1 класқа келетін 1 оқушыны мектеп формасымен толық қамтамасыз етті.

2023 жылдың тамыз айында Жалпыға бірдей білім беру есебінен қаржылай көмекпен, тегін ыстық тамақпен 123 оқушы қамтылды.

2023-2024 оқу жылының жоспарына сәйкес, мектептің әлеуметтік паспорты жасалып, оқушылар әлеуметтік санаттары бойынша бөлінді.

2023 жылдың 15 қыркүйек күні аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, оқушылардың өзіне деген құрметтерін қалыптастыру бойынша жоспарға сәйкес, 8 «а», 8 «г», 9 «ә» сынып оқушылары арасында «Менің әлемім!» тақырыбында эссе жұмыстары алынды. Балаларымыздың өзіне деген құрметтерін қалыптастыру. Өз әлемін мейірімділік әлемімен байланыстыру. Балалардың бойына ізгілік сезімдер мен адамгершілік мінез-құлықтарын, сонымен бірге отбасында да бір-біріне деген құрметтерін қалыптастыру, балалардың бойына жақсылық жасау, өз өзіне деген сенім, құрмет дағдыларын қалыптастыру. Оқушының жан дүниесіне еніп, оны тазалық пен адами қасиеттерге баули білу, өзінің жан дүниенді жақсылыққа бағыттасаң, адамдарға жақсылық жасасаң, жақсы-жаманды саралай білсең, күллі әлемге мейірімділікпен қарай білсең ғана бақытты өмір сүруге болатынын балалардың бойына сіңіру.

Өмірдегі ең басты құндылық адам және оның өмірі екенін ұғындыру болып табылады.

Оқу жылында жетім оқушылардың жәрдемақыларының мақсатты жұмсалуды, мүлкінің сақталуы бойынша жұмыстар атқарылып, аудандық білім бөліміне есебі тапсырылып отырады. «29 қазан – Қамқоршылар күні» мерекесіне орай мерекелік шаралар ұйымдастырылып, оқушылардың қамқоршы ата-ананы құттықтау жұмыстары ұйымдастырылды. Сонымен қатар қолайсыз, жағдайсыз жанұя балаларының қадағалаусыз, қараусыз қалуының алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілді. Үйлеріне барып, қажет болған жағдайда ата-аналарға көмектер, отбасыға әлеуметтік көмектер ұйымдастыру бойынша жұмыстар атқарылды.

2023 жылдың 24 қараша күні «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» атты онкүндігіне орай ұйымдастырылған іс-шаралар жоспарына сәйкес, Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінде 7-9 сынып оқушыларының қатысумен «Балалар игілігі үшін!» атты қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Қайырымдылық жәрмеңкесіне мектебімізде білім алатын оқушылар өз үлестерін қосып белсене қатысты. Акциядан түскен қаражат хаттамаланып, жетім балалардың отбасы банкіндегі есеп шоттарына салынды. Акцияның мақсаты, балалардың әлеуметтік қажеттіліктерімен қамтылуын ұйымдастыру, оқушылардың санасына мейірімділік, қайырымдылық, жанашырлық сияқты асыл қасиеттерді ұялату болып табылады.

Қайырымдылық – асыл қасиет! Осы ізгілікті іс шара әлеуметтік көмекке мұқтаж жекелеген санаттағы оқушыларымызға үнемі қолдау көрсетіп, оларды қажеттіліктерімен қамту мақсатында жалғасын табады.

Қазан-қараша айларында 4 класс және 7 класс оқушыларына «Менің сүйікті тағамым және жемісім» атты сурет байқауы, «Ас атасы - нан» атты диктант жұмыстары алынды. Мақсаты: балаларымыздың ақылды азамат-азаматша болып өсу үшін дұрыс тамақтана білу керектігін, ол үшін күнделікті ішетін асымыз құнарлы, пайдалы, дәрумендерге бай болу қажеттілігі туралы толық мағлұмат берілді. Желтоқсан айында Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі бойынша аудандық шырша тойына жекелеген санаттағы оқушылар белсене қатысты. Аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырылған шырша тойына жекелеген санаттағы 30 оқушы қатысып, сыйлықтарын алды. Балалар өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған іс шараға қатысып, керемет әсер алғанын жеткізді.

2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында жоспарлы директор жанындағы кеңесте мектептегі ыстық тамақтың ұйымдастырылуы, мектеп асханасына қойылатын санитарлық талаптар бойынша хабарлама жасалып, кеңес отырысының қаулысына сәйкес тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар ақпан айында мектеп бойынша ата-әжесімен тұратын және өгей ата-анамен тұратын оқушылардың әлеуметтік жағдайын бақылау жұмыстары жүргізіліп, сенімхат мерзімдері қайта қаралып жаңартылды. Өгей отбасында тәрбиеленетін оқушылардың да отбасылық жағдайы зерттелді. Балалардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайлары өте жақсы, білім алуға қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Қажеттілікпен толық қамтылған. Киімдері ұқыпты, таза. Отбасылық жағдайларына байланысты ауылдық елді мекендерде тұратын ата-аналар мектеппен үнемі байланысып отырады. Оқушылар мектепшілік шараларға белсене қатысады. Мінез-құлықтары жас ерекшеліктеріне сай, тұрақты. 01.03.2024 жылы Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 10 «А» сынып оқушысы Ю.Г. отбасындағы тұрғын үйді өрт шалуына байланысты Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі жанынан комиссия құрылып, тұрғылықты жеріне байланысты зерттеу актісі жасалды. Нәтижесінде, барлық қажеттіліктердің өртеніп кетуіне байланысты білім алушыға әлеуметтік көмек ұйымдастырылды. Мектеп ұжымының демеушілігімен 58450 теңге және жеке кәсіпкер «Айым» дүкенінің иесі Ж.А.А. демеушілігімен 20200 теңгеге қажетті киім-кешектері мен оқу құралдары алынып, Г-ға табысталды.

Наурыз мерекесіне арналған мектепшілік іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Жүрек жылуы» атты қайырымдылық шарасы ұйымдастырылып, жағдайсыз жанұя есебіндегі отбасыларға азық-түлік себеттері табысталды.

Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет етеін оқушылармен, сынып жетекшілерімен, мектеп әкімшілігімен үнемі байланыса отырып, жоспар бойынша бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Ата-аналардың немесе заңды

өкілдерінің, оқушылардың құқықтарын қорғау, физикалық, психикалық және өзге де зорлық – зомбылықпен кемсітушіліктің алдын алу бойынша да ата-аналармен оқушыларға құзырлы мекеме органдарымен кеңес беру жұмыстары, қажет болған жағдайда құзырлы орган мекемелерімен координациялық іс-әрекеттер жүргізілді. Әлеуметтік көмекті қажет ететін жекелеген санаттағы отбасынан шыққан оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру.

Мектебімізде атқарылған әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру жұмыстары жандандырылып, жалғасын табатындығын хабарлаймын.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылып келеді. Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі- мектеп кітапханасы. Егемен еліміздің ертеңі болар жас ұрпақтың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруда мектеп кітапханасының да рухани қазына екені рас. Ол мектептің жүрегі ажырамас бір бөлігі іспетті. Мынау келген жаңа заман-компьютер заманы болғанымен, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әр баланың бір қасиетті қара шаңырағы кітапхана. Кітап –біздің рухани құндылығымыз, теңдесі жоқ байлығымыз. Өткен замандардың тереңінен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де осы кітап арқылы жетіп отырады.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының жастар мен балаларды тәрбиелеудегі тәрбие процесіндегі барлық субъектілердің ерекшеліктерін қамтамасыз ету, өскелең ұрпақтарды тәрбиелеуде біртұтас әрекетті қалыптастыру.

Міндеті:

1.Білім беру профиліне сәйкес жаңа және дәстүрлі бағыттағы әдебиеттер мен толықтыру.

2.Оқу процесіндегі керекті әдебиет, ақпараттар мен қамтамасыз ету.

3.Кітапхана, ақпаратқа деген оқырмандардың жан-жақты сұранысын қанағаттандыру, оларды оқуға тарту, ынталандыру.

4.Кітапты ұқыпты ұстап ақпарат көздерін бүлдірмеуге үйрету, тәрбиелеу.

«Кітап – білім бұлағы, білім өмір шырағы» бұл сөзде көп ойларды тоқуға болады. Мектеп кітапханасында ақпараттық коммуникациялық орталық жұмыс істеуде. Оқушылар мен мұғалімдер қосымша қажет материалдарын алып отырады. Қазіргі таңда мектеп кітапханасының қорында:

Жалпы қорда – 25777

Оның ішінде:

Оқулықтар саны - 24250

Әдебиеттер саны -1527

Әдістемелер саны- 239

Электронды оқулықтар- 174

Оқушыларды оқулықтармен қамтасыз ету барысында жалпы оқушылардың 92% ті оқулықпен қамтамасыз етілді.

1-сыныпқа 100% -120 комплект оқулық, 2-сыныпқа 95%-131 комплект, 3-сыныпқа 90% -170 комплект, 4-сыныпқа 100% -172 комплект, 5-сыныпқа 85% 120 комплект, 6-сыныпқа 100% -180 комплект, 7-сыныпқа 100%-200 комплект, 8-сыныпқа 100%, 9-сыныпқа 78% -100 комплект, 10-сыныпқа 100%-85 комплект, 11-сыныпқа 100%-95 комплект оқулық таратылды.

Мектеп кітапханасы – кітап қоры және кітаппен қамтамасыз етумен ғана шектелмейді сонымен қатар мұғалімдермен тығыз байланыста болып, әртүрлі іс-шаралар, байқаулар және кітап көрмелерін ұйымдастырып отырады. Мысалы: Тілдер күніне «Тіл тазалығы – баршаға ортақ іс», тақырыбында шара өткізіліп, көрме жасалды.

Оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында «Тәуелсіздік елімнің еркін жолы» атты тәрбие сағаты өтті.

Алаш қозғалысының қайраткері ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына байланысты кітап көрмесі ұйымдастырылып, тәрбие сағаты өтті.

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай тәрбие сағаты өтті.

Мектеп оқушылары арасында «Толық адам» ілімін насихаттау «Абай әлеміне саяхат» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында, мектеп оқушылары «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» атты шараға 1-4 сынып, 5-8 сынып, 9-11 сынып арасында мектеп кітапханасында үй жағдайында кітаптар оқыды. Өздерінің оқыған кітаптарының түсінігін айтып мектеп инста парақшасына жарияланды.

16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Тәуелсіздік белестері» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, «Тарихқа тағзым» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында оқушылар арасында «Үнемі оқитын адам», «Менің сүйікті парағым», «Мен оқыған бір ертегі», «Кітап-өмір айнасы» тақырыптарында дөңгелек үстел, көрмелер ұйымдастырылып, ашық тәрбие сағаттары өтті.

Оқушылардың қысқы демалысын тиімді пайдалану үшін «Қыста кітап оқимыз» акциясы ұйымдастырылды. 1-4 сынып аралығында «Жиренше шешен әңгімелері», 5-9 аралығындағы сыныптар «Көмбе нанның дәмі», «Қар қызы» әңгімелерін, 10-11 сыныптар «Қызыл қар» романын оқып өз түсінгендерін желіге жариялап алған әсерлерімен бөлісті.

Ана тіліне деген құрметті дәріптеу мақсатында білім алушылар арасында «Оқуға құштар мектеп» челленджі бойынша, Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» кітабынан үзінді оқып және басқа қатысушылармен ой бөлісті.

Қазақ жазушысы Саттар Ерубаеттың туғанына 110 жыл толуына орай «Жаратылысы бөлек тұлға – Саттар Ерубает» атты еске алуға арналған танымдық сағат ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушыларды Саттар Ерубаеттың өмір жолымен және еңбектерін таныстыра отырып, келер ұрпаққа дәріптеу. Кеш барысында 5-сынып оқушылары жазушының шығармаларын жатқа оқыды.

Т. Жармағанбетов атындағы орта мектебінің 3-тоқсандағы Наурыз мерекелеріне арналған мектепшілік іс-шаралар жоспарына сәйкес «Тарихқа тағзым күні» атты шара өткізілді. Наурыз мейрамы туралы ақпарат беріліп, ұлтымыздың тарихын, жеріне деген сүйіспеншілікті арттырып, салт-дәстүрлері таныстырылды.

Мектеп оқушылары арасында «Сөз қадірі-өз қадірің» тақырыбында Отбасылық кітап оқу дәсхтүрін жаңғырту мақсатында «Менің отбасым - оқырман» атты оқу марафоны ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары кітапты оқып қана қоймай, отбасылармен бөлісіп, әңгімелесуде белсенділік танытты. Мақсаты: Балаларды әдепке, қоршаған ортада өзін-өзі дұрыс ұстауға, кішіге ізет көрсетуге үйрету. Адам бойындағы асыл қасиетті сөздердің мағынасын түсінуге үйрету.

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектептің кітапхана оқырмандары арасында кітап оқуды насихаттау, оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Оқы және өзгеге сыйла!» атты буккроссинг кітап алмасу акциясы ұйымдастырылды.

Ағымдағы жылдың 21 ақпан күні Т. Жармағанбетов орта мектебінде «Kitantime» оқырмандар клубы ашылып, жұмыс жоспары таныстырылған болатын.

Байқаудың мақсаты: Клубтағы оқырмандар санын көбейту, жеке тұлғалық даму бойынша орта қалыптастыру, кітап оқыту арқылы оқушылардың сабақ үлгерімін жақсарту, елжандылық сезімін күшейту.

Байқауды ұйымдастырушылар: Мектеп әкімшілігі, мектеп кітапханасы, «Kitantime» оқырмандар клубы.

Байқаудың шарттары бойынша 3-11 сынып оқушылары өз еріктерімен байқауға қатысты.

Байқау қатысушылары 21 ақпан мен 21 мамыр аралығында
9-11 сыныптар: Ғабит Мүсірепов «Ұлпан романы», Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя»

5-8 сыныптар: Сайын Мұратбеков «Жабайы алма», Тобық Жармағанбетов «Сентябрь түні»

3-4 сыныптар: Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» кітаптарын оқыды.

Осы аталған кітаптар бойынша, мектепте оффлайн кездесу ұйымдастырылып, оқушыларға тест сұрақтары қойылды.

Тест нәтижесінде ең көп ұпай жинаған оқушылар ақшалай сыйлықтармен, ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Басжүлде – Велосипедте өз иесін тапты.

Жоба барысында оқушыларға білімнің кітап арқылы берілетінін, рухани байлыққа қол жеткізу жолында кітаптың маңызы, атқаратын ролі, пайдасы жайлы ұғындырдық.

Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебі ұжымының 2024 жылдың екінші жарты жылдығына 669501,8 теңгеге газет-журналға жазылды. Оның ішінде 188 газет, 3 журналға.

Кітапханаға мүше оқушылармен әр тоқсан сайын сыныптарға рейд жүргізіледі. Әр тоқсан сайын оқулықтардың таза ұсталуын қадағалау үшін тексерулер болып тұрады.


Әр тоқсан сайын кітапханашылар оқулықтарды тексеру барысында 1-2-3-4 сынып оқушылары жақсы көрсеткішке ие болды, 6-7-8 сынып оқушылары жақсы көрсеткішке ие болды, 9-11 сынып оқушылары да жақсы нәтиже көрсетті.

Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері – кітапхана. Кітап оқу жан дүниемізді байытады, жаңа технология заманында да кітап адамның ой-өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып қала бермек. Қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын іс-шаралар ұйымдастыру. Оқудан қол үзбейтін оқырмандарды көбейтіп, оқу-тәрбие жұмысына ықпал етуге еңбек ету. Оқу жылының басында оқулықтар таратылып, оның жыртылып бүлінбеуін қадағалап тұру. Кітапханалық библиографиялық ілімнің негіздерімен балаларға арнайы кітапхана сабақтарын жүргізу.

Кітап әлемі арман биігіне самғатады, ақыл-ой сұлулық әлемін шарлатады, білім, ғылым жолына жетелейді. Жақсы кітап оқу жақсы адаммен сырласқанмен бірдей деп айтқандай, алдағы оқу жылында оқырмандар санын көбейтіп, жас жеткіншектердің көзі ашық, көкірегі ояу, заманның ұлы тұлғасы болуына жеткізу.







Педагог-ұйымдастырушының жұмыс жоспарына сәйкес, 2023-2024 оқу жылында Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінде бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтар болсақ, 1- қыркүйек – Білім күні мерекесіне орай «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді. Сонымен

қатар ана тілімізді құрметтеу, тіл тазалығын сақтау, оқушылардың бойында ана тілімізге деген сүйіспеншілік қасиеттерін дамыту мақсатында 5-қыркүйек Тілдер мерекесі және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай "Тіл тазалығы" атты шара өткізілді.

8 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту Министірлігінің тапсырмасын іске асыру мақсатында білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың моделін жетілдіруге бағытталған сергіту сәті 1-11 сынып оқушылары арасында челлендж өткізілді.

12 қыркүйек күні Отбасы күні мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға сәйкес 5 сынып оқушылары және ата-аналарының қатысуымен «Әкем, анам және мен» атты отбасылық-спорттық сайысы, «Отбасы бақыт мекені» атты бірыңғай чынып сағаттары, «Бақытты отбасының құпиялары» тақырыбында 9- сыныптар арасында театрландырылған қойылым қойылып, іс-шаралар өз мәнінде өтті.

1 қазан – Қарттар күні мерекесіне орай «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік концерт, 7-сынып оқушылары мен ата-әжелерінің қатысуымен «Ата мен әже – қазақы тәрбиенің бастау бұлағы» атты меркелік құттықтау кеші ұйымдастырылды.

Кеш барысында оқушыларымыз әсем ән шырқап, көркемсөз оқып, өз өнерлерімен ата-әжелерімізді тәнті етті. Мерекелік кеш соңында ата-әжелеріміз ақ тілектерін айтып, батасын берді.

5 қазан – Ұстаздар күні мерекесіне орай мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық, қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында мектепшілік “Дублер күні” өткізілді. Іс-шараға 11-сынып оқушылары қатысты. «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Мерекелік кеште мектебіміздің ұстаздар қауымы, ардагер ұстаздар қонақ болып, оқушылардың өнерін тамашалады.

25 қазан – Ұлттық мереке Республика күні мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға сәйкес, «Қыран елім – Қазақстан» мерекелік концерт, «Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем!» атты патриоттық әндер байқауы өткізілді. Сонымен қатар «Қыран елім – Қазақстан» патриоттық акциясы аясында мектептің педагог-қызметкерлерінің қатысуымен Мемлекеттік Гимн шырқалды.

26-қазан күні 5-11-класс оқушыларының қыз балаларымен адамгершілік, адалдық, имандылық қасиеттерін дамыту мақсатында “Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі” тақырыбында іс-шара өткізілді.

3-қараша күні «Даналық мектебі» жұмыс жоспарына сәйкес, мектебіміздің 8-сынып қыз балалары мен жеңгелерінің қатысуымен «Сырлы жеңге, сұлу қыз» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Шара аясында 8-сынып қыз балаларының жеңгелері қонақ болып, қайын сіңлілеріне деген жылы лебіздерін білдіріп, түрлі ситуациялық тапсырмаларға жауап берді.

15-қараша күні дәстүрлі күз мерекесіне орай 8-9 сыныптар арасында «Mr & Mrs AUTUMN» атты ханзадалар мен ханшайымдар байқауы, 10-11 сыныптар арасында «Golden Party» күзгі бал кеші ұйымдастырылды.

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, балаларға Тәуелсіздік туралы түсінік беру, Қазақстан Республикасының жетістіктерімен таныстыру, патриоттық, отаншылдық сезімін ояту, елін, жерін, құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында 5-6 сынып оқушылары «Тәуелсіздік тірегі» тақырыбында деректі фильм тамашалап, өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Оқушылар шара соңында патриоттық тақырыпта әндер шырқады.

20 желтоқсан күні 11-сынып оқушылары мен ұстаздар арасында «Ой мен ойын» интеллектуалды сайысы өтті. Сайыс барысында қатысушылар түрлі кезеңдер бойынша сынға түсіп, көңілді тапсырмалар орындады.

27-28 желтоқсан күндері мектебіміздің оқушыларына «Қош келдің, жаңа жыл!» атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар көңілді әндер айтып, би билеп, мерекенің көркін қыздырды.

Қаңтар айының басында Жалпы Республикалық «Досбол LIKE: достық қолын ұсын» акциясы шеңберінде жоспар құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Атап айтар болсақ, 29 қаңтар күні «Жақсылық жаршысы» атты қайырымдылық жәрмеңкесінің ашылу салтанаты ұйымдастырылып, апта сайын дәстүрге айналған жәрмеңке бастау алды.

4 ақпан күні «Шексіз әлем» атты қайырымдылық концерті өтті.

Мерекелік кеште «Ақниет» халықтық отбасылық ансамблі, мектебіміздің жанынан құралған «Шаттық» үлгілі би ұжымы, «Өзін-өзі басқару» ұйымы және «Жас Ұлан» ұйымы белсенділері, мектеп жанындағы «Домбыра-дастан» домбыра үйірмесінің оқушылары, «Ауылдың балалары» ансамблі, Б.Тәжібаев атындағы музыка мектебінің домбыра класының қатысушылары өнер көрсетті. Шараға қамқоршылық кеңесінің төрағасы И.Н.Суйесинов, ардагер ұстаздар кеңесінің төрайымы А.О.Оңайбайқызы, ата-аналар комитетінің төрайымы Ш.Қ.Спанова және қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп ата-аналары қатынасып, қайырымдылыққа өз үлестерін қосты.

13 ақпан күні қыз бала тәрбиесінің ерекшелігі, қыздарға тән мінез-құлық, қыз бала мәдениеті, қыз баланың қоғамдағы орнын айырықша түсіндіріп, эстетикалық тәрбие беру мақсатында 7-сынып қыз балаларына «Әдеп пен ар-ұят қыздың көркі» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

24 ақпан күні мектебімізде волейболдан мектеп ата-аналары арасында қайырымдылық турнирі өтті.

Турнирде мектебіміздің 1-9-сынып ата-аналарынан құралған 9 команда өзара сынға түсті.

28 ақпан күні Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының, «Өзін-өзі басқару» ұйымының, «Инабат» қыздар ұйымының жоспарына сәйкес, «Сәнді тақия тігу» атты заманауи тақиялар тігу бойынша шеберлік сағаты өтті. Іс-шараға «Ардагер ұстаздар» кеңесінің төрайымы Ақжонас Оңайбайқызы, шебер ана Айгүл Мұқанбетәліқызы қатысып, 9-10-сынып қыз балалары арасында ұйымдастырылған шеберлік сағатының куәгері болды.

Шеберлік сағатында трендке айналған тақияларды тігу көрсетіліп қана қоймай, оны пішудің жолдары, тақияны сәндеп безендіру көрсетілді.

1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне орай мектебіміздің 5 сынып оқушылары республикалық «Алтын жүрек» челленджіне қатысып, ұстаздарға алғыс айта отырып, челленджді басқа сыныптарға жолдады.

8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай «Арулар – асыл жандар» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Кеш барысында мектебіміздің нәзік жандыларын құттықтап, көңілді әндер шырқалды.

17-наурыз күні Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай мектеп ата-аналары арасында «Ұлттық ойындар – халық мұрасы» ұлттық ойындар сайысы ұйымдастырылды. Аталмыш шара аясында ата-аналар «Қол күрес», «Бес табан», «Бес асық» ойындары бойынша өзара сынға түсті.

Шараға мектебіміздің қамқоршылық кеңесінің төрағасы И.Н. Суйесинов, ардагер ұстаздар кеңесінің төрайымы А.О.Оңайбай, мектеп директоры А.Р.Тлеулина қатысты.

19-наурыз күні наурыз айында өтетін іс-шаралар жоспарына сәйкес мектебіміздің педагог мамандарының қатысуымен «Ұлттық киім – Ұлт мұрасы» атты ұлттық киім үлгісін дәріптеуге арналған видеоролик түсіріліп, әлеуметтік жеріге жарияланды.

20 наурыз күні жоспарға сәйкес бірлестіктер арасында қазақтың салт дәстүрлерін, ұлттық мұрасын насихаттайтын видеороликтер топтамасы әзірленіп, мектебіміздің әлеуметтік желідегі парақшасына жарияланды.

Мамыр айында өтетін іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді. 6 мамыр күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Таза Қазақстан», «Тал егу – игі іс» экологиялық акциясына 11-сынып оқушылары қатысып, мектеп ауласына ағаш көшеттерін отырғызды.

7 мамыр – Отан қорғаушылар мерекесіне арналған «Ел ертеңі – бүгінгі жас ұландар» атты мерекелік салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шарада Отанға деген сүйіспеншілік, ерлік, батырлық рухымыз құнды да, маңызды екені насихатталды.

Оқушыларымыздың арасында 9 мамыр – Жеңіс күнін, батырларымызды ұлықтау мақсатында «Ерен еңбектері есімізде» атты іс-шара ұйымдастырылды. Бүгінгі ұрпақ ардақты ардагерлеріміз танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан

үлгі алып, бой түзейді. Ерлікпен жеткен Жеңіс күні тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қалады.

24-мамыр күні 2023-2024 оқу жылында жетістікке жеткен 1-11 сынып оқушылары мен ата-аналарын марапаттауға арналған «Жарық Жұлдыз-2024» атты салтанатты шара ұйымдастырылды. Шара барысында жетістікке жеткен оқушылар мен ата-аналары мектеп директорының алғыс хатымен марапатталып, оқушыларымыздың өнерлерін тамашалады.

25-мамыр күні мектебіміздің 11-сынып бітіруші түлектеріне арналған «Мектебім, саған мың алғыс!» атты салтанатты шара ұйымдастырылды. Шара барысында бітіруші түлектер өз өнерлерін көрсетіп, білім, өнер, спорт саласында жетістікке жеткен оқушылар мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды.







Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің «Жас Ұлан», «Өзін-өзі басқару» ұйымдарының 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарына сәйкес, іс-шаралар өз

мәнінде ұйымдастырылды. 5 қыркүйек – Қазақстан Республикасының тілдері күні мерекесіне орай «Тіл тазалығы» тақырыбында шара ұйымдастырылды. Шара аясында ұйым белсенділері белгілі ақындарымыздың тіл туралы жазған өлеңдерін жатқа оқып, әсем ән шырқады.

Қыркүйек айының екінші жексенбісі – Отбасы күні мерекесіне орай «Бақытты отбасының құпиялары» тақырыбында 9-сыныптар арасында театрландырылған қойылым қойылып, іс-шаралар өз мәнінде өтті.

«Жас Ұлан» және «Өзін-өзі басқару» ұйымының кеңес құрамын қайта жасақтау және ұйымның Ұланбасы мен Мектеп президентін сайлау мақсатында 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Ұланбасы сайлауы» өткізілді. Сайлауға 9-10 сыныптан 11 оқушы үміткер болып, өз кандидатурасын ұсынып, мектеп оқушылары мен мұғалімдерге сайлауалды бағдарламаларын таныстырды. Сайлау қорытындысы бойынша мектеп президенті 10-сынып оқушысы Тәжіғалиева Арайлым, Ұланбасы болып 9-сынып оқушысы Аблова Мерей сайланды.

1 қазан – Қарттар күні мерекесіне орай «Қарттарым – асыл қазынам» атты мерекелік концерт, 7-сынып оқушылары мен ата-әжелерінің қатысуымен «Ата мен әже – қазақы тәрбиенің бастау бұлағы» атты меркелік құттықтау кеші ұйымдастырылды. Кеш барысында оқушыларымыз әсем ән шырқап, көркемсөз оқып, өз өнерлерімен ата-әжелерімізді тәнті етті. Мерекелік кеш соңында ата-әжелеріміз ақ тілектерін айтып, батасын берді.

5 қазан – Ұстаздар күні мерекесіне орай мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық, қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында мектепшілік “Дублер күні” өткізілді. Іс-шараға 11-сынып оқушылары катысты. «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Мерекелік кеште мектебіміздің ұстаздар қауымы, ардагер ұстаздар қонақ болып, оқушылардың өнерін тамашалады.

25 қазан – Ұлттық мереке Республика күні мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға сәйкес, «Қыран елім – Қазақстан» мерекелік концерт, «Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем!» атты патриоттық әндер байқауы өткізілді.

15 қараша күні дәстүрлі күз мерекесіне орай 8-9 сыныптар арасында «Mr & Miss AUTUMN» атты ханзадалар мен ханшайымдар байқауы, 10-11 сыныптар арасында «Golden Party» күзгі бал кеші ұйымдастырылды.

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, балаларға Тәуелсіздік туралы түсінік беру, Қазақстан Республикасының жетістіктерімен таныстыру, патриоттық, отаншылдық сезімін ояту, елін, жерін, құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында 5-6 сынып оқушылары «Тәуелсіздік тірегі» тақырыбында деректі фильм тамашалап, өз ой-пікірлерін ортаға салды. Оқушылар шара соңында патриоттық тақырыпта әндер шырқады. Мектебіміздің 11-сынып оқушылары мен ұстаздар арасында «Өзін-өзі басқару»

ұйымы белсенділерінің ұйымдастыруымен «Ой мен ойын» интеллектуалды сайысы ұйымдастырылды. Сайыс барысында қатысушылар түрлі кезеңдер бойынша сынға түсіп, көңілді тапсырмалар орындады.

27-28 желтоқсан күндері мектебіміздің оқушыларына «Қош келдің, жаңа жыл!» атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар көңілді әндер айтып, би билеп, мерекенің көркін қыздырды.

Қаңтар айында Жалпы Республикалық «Досбол ЛКЕ: достық қолын ұсын» акциясы шеңберінде «Шапағат» ерікті мектеп клубы және «Өзін-өзі басқару» ұйымы, «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы белсенділерінің ұйымдастыруымен қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Шара аясында көшелерді қардан тазарту жұмыстарына көмек көрсетті.

4 ақпан күні «Шексіз әлем» атты қайырымдылық концерті өтті. Мерекелік кеште «Ақниет» халықтық отбасылық ансамблі, мектебіміздің жанынан құралған «Шаттық» үлгілі би ұжымы, «Өзін-өзі басқару» ұйымы және «Жас Ұлан» ұйымы белсенділері, мектеп жанындағы «Домбыра-дастан» домбыра үйірмесінің оқушылары, «Ауылдың балалары» ансамблі, Б.Тәжібаев атындағы музыка мектебінің домбыра класының қатысушылары өнер көрсетті.

1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне орай мектебіміздің 5 сынып оқушылары республикалық «Алтын жүрек» челленджі аясында ұстаздарға алғыс білдіріп, республикалық челленджге белсене қатысты.

«Bolashaq» пікірсайыс клубы жұмыс жоспарына сәйкес, оқу жылы ішінде «Дебат технологиясы – заман талабы» клуб мүшелеріне дебат ойыны ережесін түсіндіру, клуб жұмысы жоспарымен таныстыру; «Зорлық-зомбылықсыз болашақ», «Салт-дәстүр – асыл қазынам», «Алғыс айту – ізгіліктің бастауы», «Туған өлке тарихы» тақырыптарында мектепшілік пікірсайыс турнирі ұйымдастырылды.

«Алғыс айту – ізгіліктің бастауы» атты аудандық пікірсайыс турнирі өткізілді. Турнирге клуб мүшелерінен құралған «Bolashaq» фракциясы, «БАҚ» фракциясы, «Айқап» фракциясы, «Бұл біз» фракциясы қатысты. Турнир нәтижесінде «Bolashaq» фракциясы ІІ орын, «Айқап» фракциясы ІІІ орын иеленді. Фракция спикер Ануаров Ақниет «Үздік спикер» номинациясын иеленді.

Сәуір айында өткен «Туған өлке тарихы» тақырыбында өткен аудандық пікірсайыс турниріне «Легионерлер», «Спартак», «Бегімай» фракциялары қатысып, «Легионерлер» фракциясы І орын; «Спартак» фракциясы ІІІ орын иеленді. 6-8 сынып оқушылары арасында «Үздік спикер» номинациясын Табынбай Асылжан иеленсе, 9-11 сынып оқушылары арасында «Үздік спикер» аталымын Шымбаев Мансур иеленді.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы жұмыс жоспарына сәйкес, «Жемқор

болма, адам бол!» тақырыбындағы бейнероликтер байқауы, Ауа райының

күрт жылыну салдарынан су тасқыны қауіпінің алдын алу мақсатында мектеп

ғимаратының айналасындағы қарды, суағарларды ашу жұмыстарын жүргізу

үшін «Біз біргеміз» атты акция ұйымдастырылды. Акция шеңберінде мектебіміздің ер мұғалімдері, «Адал ұрпақ» клубы мүшелері, 11-сынып оқушылары, мектеп ата-аналары, кіші қызметкерлері мектеп ауласын, суағарларды қардан тазарту жұмыстарын жүргізді.

1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне орай құрылған іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Адал ұрпақ» жобасы аясында «Тарих ғибраты» атты онкүндігі аясында «Сәті түскен сұхбат» бағдарламасы ұйымдастырылды. Сұхбат барысында ауданымыздың өлкетанушысы Ермекбаев Ибрагим Ермекбайұлы 8-сынып оқушыларымен кездесіп, ауданымыздың тарихи ескерткіштері жөнінде құнды ақпараттармен бөлісті.

Мамыр айында өтетін іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді. 6 мамыр күні «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Таза Қазақстан», «Тал егу – игі іс» экологиялық акциясына 11-сынып оқушылары қатысып, мектеп ауласына ағаш көшеттерін отырғызды.



7 мамыр – Отан қорғаушылар мерекесіне арналған «Ел ертеңі – бүгінгі жас ұландар» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шарада Отанға деген сүйіспеншілік, ерлік, батырлық рухымыз құнды да, маңызды екені насихатталды.

Оқушыларымыздың арасында 9 мамыр – Жеңіс күнін, батырларымызды ұлықтау мақсатында «Ерен еңбектері есімізде» атты іс-шара ұйымдастырылды. Бүгінгі ұрпақ ардақты ардагерлеріміз танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Ерлікпен жеткен Жеңіс күні тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қалады.

«Жол ережесінің жас инспекторлары - 2024» байқауына «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері қатысып, жүлделі II орын иеленді. Команда ойыншысы Түгелбаев Нұрәли «Үздік велосипедші» номинациясымен марапатталды.

24 мамыр күні 2023-2024 оқу жылында облыстық, республикалық байқауларда жүлдегер атанған 1-11 сынып оқушылары мен ата-аналарын марапаттауға арналған «Жарық Жұлдыз-2024» атты салтанатты шара ұйымдастырылды. Шара барысында жетістікке жеткен оқушылар мен ата-аналары мектеп директорының алғыс хатымен марапатталып, оқушыларымыздың өнерлерін тамашалады.





Сонымен қатар, 2023-2024 оқу жылында жас ұстаздардан құрылған «Жастар жанары» жастар ұйымы жұмыс жоспары жасалып, ұйымның жұмысы жандандырылды.

19 қаңтар күні Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің ұстаздары арасында «Дос бол like: достық қолын ұсын» акциясы шеңберінде мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау мақсатында «Көңілді battle» шоу бағдарламасы ұйымдастырылды.

Бағдарлама барысында ұстаздардан құралған «ГЕНДА» және «FRIDAY» командалары түрлі кезеңдер бойынша өзара сынға түсіп, берілген тапсырмаларды ықыласпен орындап, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

<https://www.instagram.com/reel/C2ZG9f1IFNq/?igsh=eHFzaTBwdmVjZTVt>



Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінде бос уақытты тиімді әрі қызықты өткізу мақсатында мұғалімдерге арналған кино көрсетілім ұйымдастырылды. Алдымен қандай жанрдағы кино көрсетуге болатындығы талқыланып, оған қажетті барлық құралдар дайындалды. Көпшілік мұғалімдердің ұсынысы бойынша «Гений математики» тақырыбындағы кино таңдалды. Кино өте тартымды, әсерлі, адамдарға ой саларлықтай болды. Тамашалауға келген мұғалімдер өз пікірлерімен бөлісе отырып, жалғасын таба беруіне тілек білдірді.



«Жастар жанары» жастар қоғамының жұмыс жоспарына сәйкес 7 мамыр – Отан қорғаушылар мерекесіне арналған «Ел ертеңі – бүгінгі жас ұландар» атты мерекелік салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік іс-шарада Отанға деген сүйіспеншілік, ерлік, батырлық рухымыз құнды да, маңызды екені насихатталды. Еліміздің әр азаматы Отанымыздың

іргесін нығайтып, Қазақстан халқының игілігі үшін лайықты үлесін қосатыны сөзсіз.


<https://www.instagram.com/reel/C6vJP2Soou4/?igsh=OG9hOXhrMTNuN3Ez>



1 Наурыз Алғыс айту күніне орай Т.Жармағамбетов орта мектебі жастарының ұйымдастырумен «Алғысым шексіз» атты мерекелік іс-шаралар болып өтті. Атап айтсақ Республика бойынша жүргізілген «Алтын жүрек» атты құттықтау челленджін әр сынып видео ролик ретінде құттықтап инста паракшаға жариялады.

Мектебімізде мектеп алды даярлық топтарынан бастап әр сыныпта Алғыс айту күніне байланысты сынып сағаттары өткізілді.

Сонымен қатар ардагер ұстаздарымызда мерекеден тыс қалмады. Мейрам қарсаңында мектеп ұстаздары мен оқушыларын мерекелерімен құттықтады.



Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі жанынан құрылған «Жастар жанары» клубының жоспарына сәйкес қаңтар айында ұжымдық ынтымақтастықты, ауызбіршілікті арттыру мақсатында «КВЕСТ» ойыны болып өтті. Ойын барысында 15 мұғалім таңдалып алынып, әртүрлі логикалық тапсырмалар берілді. Ойын жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Оған дәлел, мұғалімдердің шара соңындағы айтылған кері байланыстары болды. Жоспарланған жұмыс толығымен жүзеге асты.



1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесіне орай Тобық Жармағамбетов атындағы орта мектебі жастарының, «Өзін-өзі басқару» ұйымы белсенділерінің ұйымдастыруымен алғаш рет «Үлкенге – ізет, жасқа – жол» атты кіші қызметкерлерге арналған көңілді кеш өткізілді. Мереке қарсаңында қызметкерлерге кереметтей көңіл күй сыйлап, үлкенге құрмет, кішіге өнеге болу мақсатында өткізілген шара жоғары деңгейде болып өтті.




Класс жетекшілермен жұмыс


2023-2024 оқу жылында 41 класс комплекті жұмыс жасайды. 1-11 класс жетекшілеріне тәрбие жұмысының жоспары және мемлекеттік қосымша бағдарламалармен жүргізілетін жұмыстармен қоса «Біртұтас тәрбие

бағдарламасының» жұмыстары берілді. Осы аралықта атқарылған класс жетекшілердің тәрбие жұмысы зерделенді.


Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің сынып жетекшілерінің сапалық мәліметі



Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің сынып жетекшілерінің еңбек өтілі туралы мәліметі



Сынып жетекшілерінің білімі туралы мәлімет



Класс жетекшілердің әдістемелік жұмысы туралы. Класс жетекшілердің әдістемелік жұмысының мақсаты:

- педагогтардың өз кәсіби құзыреттілігін көтеруге ықыластылығын арттыру;
- озық іс-тәжірибелерді анықтау, жинақтау және тарату;
- класс жетекшілерін заманауи озық технологиялармен қаруландыру және заман талаптарына сай әдіс – тәсілдерді меңгерту;

2023-2024 оқу жылында класс жетекшілердің отырысында қаралаған мәселелер: Класс жетекшілерге әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаларды таныстыру, «Класс сағаттарын өткізуде жаңа идеялар мен түрлі формалар», «Жас сынып жетекшілермен жұмыс жоспарын құрып, оларға тәлімгер тағайындау», «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу», «Мектепшілік шаралардың, сынып сағаттарының жұмыстарының сапасы», «Дарынды және талантты оқушылармен сыныпта және сыныптан тыс жұмыстар», Шығармашылықпен жұмыс жасайтың класс жетекшілердің іс тәжірибесімен бөлісу.

2023-2024 оқу жылының басында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кабинеті ашылы, жоспары жасақталынды. Орталықта ата-аналарға дәрістер оқылып, «Аталар», «Әжелер» «Аналар» «Әкелер» клубының жұмыстары жүргізілді. Атап айтсам мекте ішінде 5-7 сыныптың ата-аналарына «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» атты даналық сағаты «Әжемнің әңгімесі» атты танымдық сабағы «Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» атты дөңгелек үстел, Қыз балалардың қатысуымен «Қызым саған айтам, сен тыңда...» атты көптеген іс-шаралар ұымдастырылды.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу.

Талдау нәтижелері:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген барлық деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес:

1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының міндетті түрде оқытылуы қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» пәні аясында жүзеге асырды; жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырды;

5-9-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының оқыту «Дене шынықтыру» оқу пәнінің аясында дене шынықтыру мұғалімдерімен жылдық 15 сағаттық оқу жүктемесімен жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып есептелді және оқу уақытында өткізілді.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылды. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілді. Жалпы жылдық жоспар жасалынып Д.О.И.О.:Бердешова Ұ.С қолымен бекітілген.

"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру;

Талдау нәтижелері:

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады; Жылдық күнтізбелік жоспары бар.

ЖЖЕ сақтау бойынша мектепте «ЖЖЕ білесің бе?», «Бағдаршам мен белгілер», «Жол ережесін сақтау өмір кепілі», «Жол ережесін білемін, аман сау жүремін!» атты тақырыптарда сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді. Сонымен қатар, «Инспектордың жас достары» атты мектепшілік қозғалысы жұмыс жасайды.

2023-2024 оқу жылында Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің оқушыларының қосымша білім берумен қамтылуы өз деңгейінде ұйымдастырылды. Атап айтар болсақ «Шебер қолдар» үйірмесіне 17 оқушы

қатысады жетекшісі Ауданбаева Венера; «Шаттық би» үйірмесіне 26 оқушы қатысады, үйірме жетекшісі Ақпан Ляззат; «Қыл қалам» үйірмесіне 10 бала қатысады, жетекшісі Молбаев Асхат; «Әсем саз» үйірмесіне 21 оқушы қатысады, жетекшісі Мейіров Болат; «Домбыра – дастан» үйірмесіне 8 оқушы қатысады, жетекшісі Әнуарқызы Ләйлә; «Жас робот техниктер» үйірмесіне 10 ер бала, 11 қыз бала қатысады, барлығы 21 оқушы. Үйірме жетекшісі Қошанова Әсем.

Спорттық үйірмелерге тоқталатын болсақ, ақылы «Шыңға өрмелеу» үйірмесіне 20 оқушы қатысады. Үйірме жетекшісі Ашықбаев Жарқынбек. «Асық ату» үйірмесіне 9-ер бала, 6-қыз бала қатысады барлығы: 15 оқушы. Үйірме жетекшісі Сағиев Алмат. «Баскетбол үйірмесіне» 12 ер бала, 16 қыз бала қатысып отыр, барлығы 28 оқушы. Үйірме жетекшілері Қыдырбаев Талғат, Назаралин Ермек. «Волейбол» үйірмесіне 16 оқушы қыз бала, 20 оқушы ер бала қатысады, барлығы 36 оқушы, жетекшілері Төрин Данияр, Сәрсенғазин Кетебай. «Теннис» үйірмесіне 8 оқушы ер бала қатысады. Үйірме жетекшісі Ашықбаев Жарқынбек.

Ауданның басындағы «Темірқазық», «Шығармашылық орталығы», «БЖСМ», «Мәдениет үйі», «Бәкір Тәжібаев атындағы музыка мектебі», «IQ оқу орталығы» үйірмелеріне сұраныс жіберілді. “IQ” оқу орталығында Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінен 82 - оқушы қосымша білім беру орталығында (компьютер графика, компьютер дизайн, кино бейне жасау, 3D модельдеу) үйірмелеріне қатысуда. «Байғанин жасөспірімдер спорт мектебі» секциялары: «Еркін күрес» - 30 оқушы, “Волейбол” - 64 оқушы, «Тоғызқұмалақ» үйірмесіне 34 оқушы, «Дзюдо» - 52 бала, «Футбол» - 35 оқушы, «Бассейн» - 38 оқушы, «Гирь» - 4 оқушы, «Штанга» - 3 оқушы қатысып отыр.

“Мәдениет үйі” - 17 оқушы, “Бәкір Тәжібаев атындағы балалар музыка мектебі” секциялары: «Домбыра» - 28 оқушы, «Қобыз» - 14 оқушы, «Би» - 21 оқушы, «Күйсандық» - 2 оқушы, «Пианино» - 3 оқушы қатысып отыр.

«Шығармашылық орталық» секциялары: «Дизайн-сурет» - 14 оқушы, «Ағылшын тілі» - 13 оқушы, «Өлкетану» - 11 оқушы, «Ағаш шебері» - 5 оқушы, «Оригами» - 4 оқушы қатысып білім алуда.

Мектепшілік үйірмелер

№	Үйірме атауы	Бала саны	Жетекшісі
1	«Шебер қолдар»	17	Ауданбаева Венера
2	«Шаттық» би үйірмесі	26	Ақпан Ляззат

3	«Қыл қалам»	10	Молбаев Асхат
4	«Әсем саз»	21	Мейіров Болат
5	«Домбыра - дастан»	8	Әнуарқызы Ләйлә
6	«Жас робот техниктер»	21	Қошанова Әсем
7	«Шыңға өрмелеу»	20	Ашықбаев Жарқынбек
8	«Волейбол»	16	Сәрсенғазин Кетебай
9	«Асық ату»	15	Сағи А
10	«Волейбол»	20	Турин Д
11	«Теннис»	8	Ашықбаев Ж
12	«Баскетбол»	28	Қыдырбаев Т

Мектептен тыс үйірмелер

№	Үйірме атауы	Бала саны	Жетекшісі
	«ОQ- орталығы» оқу	82	
1	«3D моделирование»	21	Бултеев А.А
2	«Киновидеотворчество»	24	Бултеев А.А
3	«Компьютерная графика»	37	Бултеев А.А
	«БЖСМ»	295	
4	«Еркін күрес»	30	Шоқатов Е
5	«Волейбол»	64	Смағұл А
6	«Тоғызқұмалақ»	34	Атчыбаев О
7	«Дзюдо»	52	Ізбасаров Б
8	« Футбол»	35	Шариев А
9	«Бассейн»	38	Масинов А
10	«Бокс»	16	Тұрғанбай М
11	«Гир көтеру»	4	Абенова
12	«Штанга»	3	Болат Ж
13	«Теннис»	13	Ашықбаев Ж
14	«Құзға өрмелеу»	6	Ашықбаев Ж
	«Б.Тәжібаев атындағы балалар музыка мектебі»	68	
12	«Би »	21	Қаймақбаева Б

13	«Домбыра»	28	Алпысов А
14	«Қобыз»	14	Тоқсанбаева Г
15	«Күйсандық »	2	Тажмағамбетова А
16	« Пианино»	3	Әбілмағи Ә
	«Мәдениет үйі »	17	Есенгулова А
17	«Шығармашылық орталық»	60	
18	«Ағылшын»	13	Бегежанова Ш
19	«Дизайн -сурет»	14	Серікқызы Г
20	«Өлкетану»	11	Алуадинова
21	«Қол өнер»	13	Смайлова Г
22	«Ағаш шебері »	5	Дүзбаев М
23	«Оригами»	4	Сатыбалдина О

732 /87%

Оқушылардың спорттық және шығармашылық жетістіктері

4–10 қаңтар аралығында волейболдан 2011-2012 ж.т. қыздар арасында Петропавл қаласында өткен Қазақстан Республикасының қысқы чемпионатына Ақтөбе облысының командасы қатысып, 15 команда арасынан топ жарып, жеңімпаз атанды. Команда құрамында мектебіміздің 7-сынып оқушысы Исламова Әсел нәтижелі ойын көрсетіп, жеңіске жетті.

Бокстан 2010-2011, 2012-2013 ж.т. жасөспірімдер арасында Қандыағаш қаласының МБЖСМ бокс бөлімінің аға жаттықтырушысы А.Усенбаевтың 50 жас мерей тойына орай ұйымдастырылған облыстық ашық біріншілігінде мектебіміздің

5-“ә” сынып оқушысы Жаңбырбай Амир –  орын;

7-”а” сынып оқушысы Жолдыбай Бекарыс –  орын;

7-“б” сынып оқушысы Айдынғали Мансур –  орын;

8-“а” сынып оқушысы Марқабает Сағындық –  орын иеленді.

Байғанин аудандық шығармашылық орталығында Алматы қаласында өткен қазақ-қырғыз шеберлерінің симпозиумында тұсауы кесілген, Қазақстанның, Қырғызстанның кәсіби суретшілерінің, еңбек пәні мұғалімдерінің, этно-арт дизайнерлерінің, шығармашылық туындылары үздік деп танылған оқушыларының жұмыстары жарық көрген «Шығыстың шеберлері» атты кітаптың таныстырылымы өтті.

Аталмыш шараға «Шығыстың шеберлері» кітабында туындылары жарық көрген мектебіміздің 4-сынып оқушысы Жолдыбай Аршат, 5-сынып оқушысы

Серік Нұртілек, 6-сынып оқушысы Аманғали Фируза, 7-сынып оқушысы Жолдыбай Бекарыс қатысып, арнайы дипломдармен марапатталды.

«Мәңгілік ел жастары» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен «Алтын бала» республикалық шығармашылық байқауына қатысқан

Нұрберген Ихсан «Модель балақай»

Бисенбай Ақберен «Суретші балақай»

Тұрлыбаева Мерей «Шығармашыл балақай»

Ибадуллаева Қарақат, Дуйсенбекова Айару, Серкебай Қайнар, Өтеміс Амандық «Суретші балақай» аталымы бойынша қатысып, жүлделі I орынмен марапатталды.

Ағымдағы жылдың 30 қаңтар күні өткен 2023-2024 оқу жылына арналған аудандық білім беру ұйымдарының 7-8-сынып оқушылары арасында ұлттық мектеп лигасының «Тоғызқұмалақ» сайысында мектебіміздің оқушыларынан құралған командасы I орын иеленді.

Ағымдағы жылдың 30 қаңтар күні өткен 2023-2024 оқу жылына арналған аудандық білім беру ұйымдарының 7-8-сынып оқушылары арасында ұлттық мектеп лигасының «Асық ату» сайысында мектебіміздің оқушыларынан құралған командасы III орын иеленді.

Бокстан 2010-2011 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында Ақтөбе облысының чемпионатында 35 кг салмақ дәрежесінде мектебіміздің 7«а»-сынып оқушысы Жолдыбай Бекарыс жүлделі II орынға ие болып, Батыс Қазақстан аймақтық чемпионатына жолдама жеңіп алды.

Суды үнемдеу және оны тиімді пайдалану мәдениетін насихаттау мақсатында ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі ұйымдастырған республикалық балалардың сурет және шығармалар байқауына мектебіміздің оқушылары Хамит Ғалым мен Хамит Дархан белсене қатысып, орталықтың арнайы Алғыс хатымен марапатталды

20-26 наурыз күндері Талдықорған қаласында волейболдан 2011-2012 ж.т. жасөспірім қыздар арасында өткен Қазақстан Республикасының көктемгі чемпионатына Ақтөбе облысының құрама командасы қатысып, 19 команда арасынан топ жарып, жүлделі I ОРЫН иеленді.

Команда сапында мектебіміздің 7-сынып оқушылары Сәбит Аянат, Исламова Әсел, Болатова Кәусар қатысып, нәтижелі ойын көрсетті.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат

министрлігінің қолдауымен, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының ұйымдастыруымен ойшыл, ғұлама Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларын республика аумағында кеңінен насихаттау мақсатында өткен

II республикалық «Шәкәрім оқулары» байқауында әр облыстан үздік атанған шәкірттер қатарында мектебіміздің 5-сынып оқушысы Жетпісбай Асылжан Сәкенқызы да бақ сынап, арнайы Алғыс хатпен марапатталды.

2010 ж.т. және одан кіші жасөспірімдердің ауылдық спорт мектептерінің командалары арасындағы футболдан Қазақстан Республикасының чемпионатында «Ақтөбе» командасы жүлделі III орын иеленді.

Команданың белді мүшелері Т.Жармағамбетов атындағы мектебінің 8 «а» класс оқушылары Асқаров Нұрғиса мен Ахтанов Нұрислам

Волейболдан 2010-2011, 2012-2013 жылы туған жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе облысы чемпионатына Байғанин ауданының командасы қатысып, жүлделі III орын иеленді. Команда құрамында Т.Жармағамбетов атындағы мектебінің оқушылары Серік Аймұрат, Ізтұрғанов Нұрасыл, Жалғас Жансерік нәтижелі ойын көрсетті.

Байғанин ауданының білім беру ұйымдарының «Мектеп парламенті» ұйымдары арасында ұйымдастырылған «Жастар және интеллект» атты интеллектуалды сайысына мектебіміздің «Өзін-өзі басқару» ұйымы белсенділері Болат Аягөз, Марқабәев Нұрдәулет, Ануаров Ақниет қатысып, I ОРЫН иеленіп, жеңімпаз атанды.

Аудандық білім беру ұйымдары арасында ұлттық мектеп лигасының «Баскетбол» сайысында мектебіміздің оқушыларынан құралған командасы I ОРЫН иеленді.

Волейболдан 2010-2011, 2012-2013 жылы туған жасөспірімдер арасындағы Ақтөбе облысы чемпионатына Байғанин ауданы командасы қатысып, жүлделі II орын иеленді.

Команда құрамында мектебіміздің оқушылары Жарасұлы Мұстафа, Орысбай Тайыр, Ғабидулла Ақылжан нәтижелі ойын көрсетті.

Ағымдағы жылдың 27 сәуір күні Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі базасында Байғанин ауданының білім бөлімі және Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі «BOLASHAQ» дебат клубының ұйымдастыруымен «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысын оқушылар арасында кеңінен насихаттау

мақсатында «Туған өлке тарихы» тақырыбында аудандық пікірсайыс турнирі өтті.

Турнир нәтижесі бойынша:

🏆 3-орын – “Спартак” фракциясы Қуаныш Әли (Т.Жармағамбетов ат.ОМ)

🏆 1-орын – “Легионерлер” фракциясы

Шымбаев Мансур, Марқабает Нұрдәулет (Т.Жармағамбетов ат.ОМ)

🏆 Үздік спикер - Табынбай Асылжан (Т.Жармағамбетов ат.ОМ)

🏆 Үздік спикер - Шымбаев Мансур (Т.Жармағамбетов ат.ОМ).

2009 ж.т. және одан кіші жасөспірімдердің ауылдық спорт мектептерінің командалары арасындағы

футболдан Қазақстан Республикасының чемпионатында Ақтөбе облысының командасы ІІ орын иеленді.

Команда құрамында мектебіміздің 8 «А» класс оқушы Ахтанов Нұрислам, 9 «А» класс оқушысы Жауғаштин Нүртілек нәтижелі ойын көрсетті.

11-15 мамыр аралығында Маңғыстау облысында Білім және спорт саласының ардагері Насуха Жаңайұлы Байпақовтың 71 жас мерейтойына арналған волейболдан 2012-2013 жылы туған жасөспірімдер арасындағы ІІІ республикалық ашық турниріне Байғанин балалар-жасөспірімдер мектебінің командасы қатысып, жүлделі І ОРЫН иеленді.

Команда құрамында мектебіміздің оқушылары Ізтұрғанов Нұрасыл мен Серік Аймұрат нәтижелі ойын көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Ағымдағы жылдың 16 мамыр күні Байғанин аудандық полиция бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Жол қозғалысының жас инспекторы – 2024» аудандық байқауында Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің оқушыларынан құралған «Жас сақшы» командасы ІІ ОРЫН иеленді.

Байқау барысында оқушылар «Саптық тексеріс», «Велосипедпен кедергілерден өту», «Жас санитар», «Үгіт бригадалары» кезеңдері бойынша сынға түсіп, үздіктер анықталды.

Команда мүшесі Түгелбаев Нұрәли – «Үздік велосипедші» номинациясымен марапатталды

Футболдан 2010 жылы туылған жасөспірімдердің ауылдық спорт мектептерінің командалары арасындағы Қазақстан Республикасы чемпионатында облысымыздың намысын қорғап,

ауданның мерейін өсіріп, жоғары жетістікке жеткені үшін мектебіміздің 8 «А» класс оқушылары Асқаров Нұрғиса мен Ахтанов Нұрислам аудан әкімі А.Купеновтің Алғыс хатымен марапатталды.

Байғанин аудандық орталық кітапхана және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Байғанин аудандық ұйымының ұйымдастыруымен Жемнің бойында туып өскен лирик ақын, қазақ әдебиетінің төрінен, туған халқының жүрегінен орын алған Сағи Жиенбаевтың шығармаларын насихаттау мақсатында өткен «Сағидың сырлы саздары» атты аудандық поэзия байқауына мектебіміздің 5 “Ә” сынып оқушысы Жетпісбай Асылжан қатысып, жүлделі I орынмен марапатталды.

18 мамыр күні Ақтөбе қаласында өткен II республикалық «Қызғалдақтар әлемі» байқауына Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі жанынан құрылған «Шаттық» үлгілі би ұжымы қатысып, жүлделі I ОРЫН иеленді.

Жетекшісі Ақпан Ләззат Алпысбайқызы республикалық байқауға шәкірт дайындағаны үшін арнайы Алғыс хатпен марапатталды.

Тәрбие жұмысының 2023-2024 оқу жылы бойынша жетістіктері:

- Аудандық ПБ құқықбұзушылық бойынша оқушылар санының тіркелмеуі
- Мектеп инспекторының жұмысы жолға қойылған.
- Ата-анамен байланыс жолға қойылған.

Тәрбие жұмысының кемшіліктері:

- “Жігер” ұлдар ұйымының жұмысын жандандыру.
- Мектептегі қоғамдық клубтар жұмысын жандандыру

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бойынша жұмыстар өз мәнінде жүргізілді. Алайда ер балалармен жұмыс жоспарға сәйкесінше жүрмеді, сол себепті 2024-2025 оқу жылында осы бағытты алдыға қойып «Жігер» ұлдар ұйымына жауапкершілігі мол жетекші тағайындап, жұмыс жоспарын ер балалардың қоғамдық жұмыстарға белсене араласатындай, патриоттық сезімдерін ұлғайтатындай, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алатындай азамат тәрбиелеу мақсатында жұмыс жоспарын құрып, ұлдар ұйымымен жұмысты жандандыру керек.